Сатып алған кезде ораманы шешіңіз және индукциялы пісіру панеліне (бұдан әрі - құрал) зақым келмегеніне, толымдалғанына, және ГО 01-08 кепілдік міндеттемесінде сауда ұйымы «Сатып алу куәлігін» дұрыс толтырғанына көз жеткізіңіз.

1-тарау. Мүмкін болатын қауіп

Сіздің қауіпсіздігіңіз біз үшін маңызды. Пісіру панелін пайдаланар алдында ұсынылған ақпаратты оқып шығуыңызды сұраймыз.

Орнату

Электр тоғымен зақымдану қауіпі

- Қандай да болсын жөндеу жұмыстарын немесе техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды атқарар алдында құралды электр желісінен ажыратыңыз.
- Құралды дұрыс жерге орнату жүйесіне қосу міндетті болып табылады.
- ішкі желі (үй) жүйесіне өзгертулер тек білікті электрикпен орындалуы керек.
- Аталған ұсыныстарды сақтамау электр тоғымен зақымдануға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Пайдалану және қызмет көрсету

Электр тоғымен зақымдану қауіпі

- Бұзылған немесе сынған пісіру панелінде әзірлеменіз. Егер панельдің беті сынған болса, немесе шытынаған болса, дереу құралды электр желісінен ажыратыңыз және білікті маманға хабарласыңыз.
- Тазалау немесе техникалық қызмет көрсету алдында пісіру панелін желіден ажыратыңыз.
- Аталған ұсыныстарды сақтамау электр тоғымен зақымдануға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Денсаулыққа төнген қауіп

- Аталған құрал электромагнитті қауіпсіз стандарттарына сәйкес келеді.



Алайда электрокардиостимуляторлы тұлғаларға пісіру панелін пайдалану ұсынылмайды, себебі сатылымдағы барлық электрокардиостимуляторлар жоғарыда аталған стандарттарға сәйкес келетіндігіне, және құралды дұрыс пайдалануға кедергі келтіретін интерференция пайда болмайтындығына кепіл берілмейді. Сондай-ақ басқа құрылғылар қолданатын тұлғалар, мысалы есту аппаратын, пісіру панелін пайдалану кезінде ыңғайсыздық сезінуі де мүмкін.

Ыстық беттердің қауіпі

- пайдалану кезінде құралды қолжетімді бөліктері күйге әкелетіндей шамада қатты қызады.
- панель беті суығанға дейін, тек тиісті әйнекті ыдыстан басқасын, Дене, киім, басқа да заттардың арақатынасын болдырмаңыз.
- пышақтар, шанышқылар, қасықтар және қақпақтар сияқты металл заттардың пісіру панелінің бетінде болмауы керек, себебі қызуы мүмкін.
- Құралға балаларды жолатпаңыз.
- Ыдыстың тұтқалары сипағанда ыстық болуы мүмкін. Олардың басқа жұмыс істеп тұрған пісіру аймақтарының үстінде болмауын тексеріңіз. Пісіру панеліндегі ыдыстардың тұтқаларын балалардың ұстамауын тексеріңіз.
- Аталған ұсыныстарды сақтамау күйікке әкелуі мүмкін.

Кесу қауіпі

- Қорғаныш қақпағы алынғанда пісіру панелін тазалауға арналған қырғыш жүзі шығып тұрады. Аса үлкен сақтықпен қолданыңыз және әрқашан балалардың қолы жетпейтін жерде қауіпсіз түрде сақтаңыз.
- Сақтық шараларын елемей жарақаттануға немесе кесуге әкелуі мүмкін.


Қауіпсіздік бойынша маңызды нұсқаулар

- Ешқашан жұмыс істеп тұрған құралды қараусыз қалдырмаңыз. Сұйықтықтың тасуы, майлы өнімдердің құрал бетіне төгілуі түтіндеудің себебі болып, тұтануға әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Құралды ешқашан жұмыс беті ретінде немесе бірдеңе сақтау үшін пайдаланбаңыз.
- Ешқашан құрал бетінде қандай да болсын заттарды немесе ыдысты қалдырмаңыз.
- Ешқашан құралды бөлмені жылыту үшін қолданбаңыз.
- Пайдаланғаннан кейін осы нұсқаулықта көрсетілгендей әрқашан пісіру аумағын және пісіру панелін өшіріңіз (басқару панелі арқылы).
- Балаларға құралмен ойнауға, құралдың үстіне шығуға, отыруға немесе оның үстінде тұруға рұқсат беменіз.
- Балалардың қызығушылығын туғызатын заттарды құралдың үстіндегі шкафтарда сақтамаңыз. Құралға шығу арқылы балалар қатты жарақаттануы мүмкін.
- Балаларды жұмыс істеп тұрған құралмен бірге бір бөлмеде қалдырмаңыз.
- Балалармен немесе мүмкіндігі шектеулі, құралды пайдалануда қиналатын, тұлғалармен бірге пайдалану бойынша нұсқаулық жүргізетін жауапты білікті тұлға болуы керек. Нұсқаулық жүргізуші олар өздеріне немес қоршағандар үшін қауіпсіз пайдалана алатындарына көз жеткізуі керек.
- Осы нұсқаулықта арнайы ұсыныстар болмаған жағдайда жөндеу жұмыстарын немесе құралдың қандай да болсын бөлшектерін ауыстыру жұмыстарын жүргізуге тиым салынады. Барлық басқа қызмет көрсету түрлері білікті мамандармен орындалуы керек.
- Бу тазалағышты пісіру панелін тазарту үшін пайдаланбаңыз.
- Пісіру панеліне ауыр заттарды қоймаңыз және түсіріп алмаңыз.
- Пісіру панелінің үстінде тұрмаңыз.
- шеттері тұзу емес ыдыстарды қолданбаңыз және панель бетімен ыдысты сырғытып бермеңіз, себебі ол әйнектің бетінде сызаттардың пайда болуына әкеледі.
- Пісіру панелін тазалау үшін металл жөкелерді, щетка немесе кезкелген басқа кедір-бұдыр абразивті тазалау құралдарын пайдаланбаңыз, өйткені ол әйнектің бетін сызуы мүмкін.
- Егер желі шнуры зақымданған болса, қауіптілікті болдырмау үшін, оны құралды өндіруші, сервистік қызмет өкілі немесе тиісті мамандығы бар маман ауыстыруы керек.
- Аталған құрал тұрмыста немесе келесідей ұқсас жағдайларда пайдалануға арналған: дүкен, кеңсе және басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне тамақтануға арналған бөлмелерде; фермерлік үйлерде; қонақүй, мотельдер және басқа да уақытша тұру орындарының тұрғындарының асханалары.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспап және оның қолжетімді бөліктері пайдалану кезінде қатты қызады.
Сақ болыңыздар, қызып тұрған бөліктерін ұстамаңыздар. 8 жастан кіші балаларды құралға жақындатпаңыз, егер үнемі бақылау болмаса.
- Аталған құралды 8 жас және одан жоғары балаларға пайдалануға болады, физикалық, тактильді немесе ақыл-ойы шектеулі немесе білімі және тәжірибесі толық емес адамдарға, егер тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты ересек адамның болуы кезінде, немесе құралды қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқаулықтан өткен болса және құралға байланысты қауіпті түсінетін болса ғана пайдалануына рұқсат беріледі.
- Балалардың құралмен ойнауына жол берілмейді. Балалардың құралды тазалауы және күтім жасауы бақылаусыз орындалмауы керек.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Май немесе майлы тағамдарды бақылаусыз пісіру панелінде даярлау қауіпті болуы және тұтануға әкелуі мүмкін. Өртті сумен сөндіруге РҰҚСАТ БЕРІЛМЕЙДІ, құралды желіден ажыратып, алауды мысалы, қақпақ немесе тәрелкемен жабу керек.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Өрттің пайда болу қауіпін болдырмау үшін пісіру панелінің бетінде заттарды сақтамаңыз.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Әйнеккерамикалық үстелдің бетінде шытынау пайда болса, электр тоғынан мүмкін болатын жарақаттануды болдырмау үшін құралды желіден сөндіріңіз.
- Бутазалағыштың қолданылуына жол берілмейді.
- Құрал сыртқы таймер немесе қашықтан басқаруға арналған жеке жүйемен жұмыс істеуге арналмаған.


2-тарау. Сипаттамалары

EI313




1. Пісіру аймағы 2000 Вт
2. Пісіру аймағы 1500 Вт
3. Пісіру аймағы 2000 Вт
4. Пісіру аймағы 1500 Вт
5. Әйнеккермаикалық пластина
6. Басқару панелі

Басқару панелі




1. Пісіру аймағының таңбасы
2. Таймер таңбасы
3. Таймер дисплейі
4. Пісіру аймағының қуаты дисплейі
5. Қуатты реттеу батырмалары және таймер баптаулары
6. Блоктау батырмасы
7. «Қосу/Өшіру» батырмасы

EI305



1. Пісіру аймағы 2000 Вт, «бустер» 2600 Вт
2. Пісіру аймағы 1500 Вт
3. Пісіру аймағы 2000 Вт, «бустер» 2600 Вт
4. Пісіру аймағы 1500 Вт
5. Әйнеккермаикалық пластина
6. Басқару панелі

Басқару панелі



1. Пісіру аймағының таңбасы
2. Таймер таңбасы
3. Таймер дисплейі
4. Пісіру аймағының қуатты дисплейі
5. Қуатты реттеу батырмалары және таймер баптаулары
6. Блоктау батырмасы
7. «Қосу/Өшіру» батырмасы
8. «Бустер» функциясын қосу батырмасы (жылдам қыздыру)

3-тарау. Пайдалану

3.1. Тиісті ыдыс-аяқты таңдау

Индукциялы пісіру панельдері тегіс әйнеккерамикасынан жасалған. Магнитті индукциялы катушкасы арқылы құрылатын жылу ыдысты жылытады, бірақ пісіру аймағын емес. Жылу ас үй ыдысынан азық-түлікке беріледі.


Индукциялы пісіру панелінде даярлау үшін тек ферромагнитті материалдан жасалған ыдыс жарамды. Ондай материалдарға эмальдалған болат, шойын және арнайы индукцияға есептелген тот баспайтын болат (хромды болат) жатады. Индукциялы панель егер ыдыстың асты ферромагнитті материалдан жасалмаған болса, жай тот баспайтын болаттан, керамикадан, мыстан және алюминийден жасалған ыдыспен жұмыс істемейді.


Магниттің ыдысқа тартылатындығына көз жеткізіңіз, ол - ыдыс индукциялы пісіру панеліне жарамды екендігінің кепілі.

Маңызды кез: индукциялы пісіру панелінде пайдалану үшін арнайы жасалған немесе мақұлданған металл ыдысты ғана қолданыңыз. Меламин немесе пластик контейнерлердің пісіру аймағымен арақатынасын болдырмаңыз.

Ыдыс таңдау бойынша кеңестер




- Индукциялы пісіру панеліне қолдануға жарамды асты бар ыдыстарды ғана пайдаланыңыз. Ыдыс қорабында немесе ыдыстың астынан индукция таңбасын іздеңіз.
- Ыдыстың жарамдылығын магнит арқылы тексере аласыз. Магнитті ыдыстың түбіне жақындатыңыз. Егер ол тартылса, ыдыстың индукциялы панельге жарамды болғаны.
- Егер сізде магнит жоқ болса:
 1. Тексеруге қажетті кәстрөлге азырақ су құйыңыз.
 2. Егер дисплейде  белгісі жанып-өшіп тұрмаса, және су қызса, ыдыстың жарамды болғаны.
- Келесідей материалдардан жасалған асүй ыдыстары жарамсыз: жай тот баспайтын болат, алюминий немесе магнитсіз негіздемесіз мыс, шыны, ағаш, фарфор, керамика, фаянс және саз.




Шеті кедір-бұдыр және түбі майысқан ыдысты пайдаланбаңыз.



Ыдыстың асты тегіс, әйнекке тығыз орналасқанына, ал астының диаметрі пісіру аймағының диаметріндей екендігіне көз жеткізіңіз. Ыдысты әрқашан пісіру аймағының ортасына қойыңыз.




Ыдысты әрқашан пісіру аймағының бетінен көтеріңіз, оны панельдің үстімен жылжитпаңыз, ыдыс әйнекті сыруы мүмкін.



3.2. Сенсерлі бақылау панелін пайдалану

- «Батырма» терминін әйнеккерамикалық панельге контурлы белгімен түсірілген аумақ деп түсіну керек.
- «Батырмаға басу» терминін келесідей әрекеттерді түсіну керек: контурмен белгіленген панель бетіне саусақ жастықшасын тигізіп, бірнеше секунд ұстап тұру керек.
- Басқару органдары қол тигізуге әрекет етеді, сол себепті қатты күш салудың қажеті жоқ.
- Саусақтың ұшын емес, жастықшасын қолданыңыз.
- басқару жанасуы тіркелген кезде әрдайым дыбыс сигналын естисіз.
- Басқару элементтерінің әрдайым таза, құрғақ және оларға бір зат кедергі келтірмейтіндігіне көз жеткізіңіз (мысалы, ыдыс немесе мата). Тіпті судың жұқа қабығы. Даже тонкая плёнка воды может мешать работе элементов управления.



3.3. Құралды пайдалану

Даярлау процессін бастау үшін

Қосу


1. Құралды қосу немесе өшіру үшін, басқару панеліндегі «Қосу/өшіру» батырмасын басыңыз және дыбыстық сигнал естігенше дейін ұстап тұрыңыз.

Құрал қосылған кезде пісіру аймағының қуаты дисплейінде индикация пайда болады.




2. Пайдалануы жоспарланған ыдысты пісіру аймағына орнатыңыз.

Ыдыстың асты және пісіру аймағының беті таза әрі құрғақ екендігіне көз жеткізіңіз.



3. Пісіру аймағының тиісті таңбасының астындағы «-», «+» батырмалары арқылы басқару панелінде қуаттылық деңгейін орнатыңыз. Қуаттылық индикаторы жанып-өшіп тұрады.



- Егер сіз пісіру аймағын 1 минут ішінде таңдамасаңыз, құрал автоматты түрде өшіп қалады. Өрекетті 1-қадамнан бастау керек болады.
- Даярлау кезінде қуаттылық деңгейін кезкелген уақытта өзгертуге болады.
- Сіз қуаттылық деңгейін 0-ден 9-ға дейін орната аласыз.

Өшіру

Тамақты даярлау процессі аяқталғаннан кейін пісіру аймағын өшіріңіз: «-» батырмасын басу арқылы пісіру аймағының қуаты деңгейін «0» орнатыңыз.



Одан кейін басқару панеліндегі «Қосу/Өшіру» батырмасын басып, құралды өшіріңіз.







3.4. Бустерді пайдалану

Осы пісіру үстелінің бетіндегі екі аймақ «бустер» (жылдам қызу) функциясымен жұмыс істей алады. Егер сізге бустерді пайдалану қажет болса, алдымен осы топтағы басқа аймақты өшіріңіз. Әйтпесе таңдалған аймақ Р 9 дисплейіндегі таңбалар жанып тұра береді, және деңгейі 9 автоматты түрде тоқтатылады. «Бустер» функциясын қолданбаған кезді барлық төрт пісіру аймағын бір уақытта қосуға болады.


Сіз «бустер» функциясын сәйкес келетін пісіру аймағының қуаты еклінін жоғарлату үшін ең көбі 5 минут ішінде қолдана аласыз.

- Жұмысты бастамас бұрын пісіру аймағы панеліндегі тиісті таңбаның астындағы «-» немесе «+» батырмасын басыңыз (тек бустерлі аймақтарға арналған) және содан кейін «бустер» **B** батырмасын басыңыз.
- Жылу аймағы 5 минут ішінде жұмыс істеп тұрады.
- Сіз пісіру аймағын төменгі жылыту деңгейінде қосқаннан кейін «Бустер» функциясын таңдай аласыз. «Бустер» функциясы максималды жылу қалпында 5 минут бойы жұмыс істейді және қайтадан алдын-ала орнату деңгейіне қайтады.
- Егер сіз бір минут ішінде пісіру аймағын таңдамасаңыз, құрал автоматты түрде өшіп қалады. Сізге қайтадан 3.3 бөлімінің 1 қадамына өтуге тура келеді.
- Сіз даярлау процессінің кезкелген уақытында пісіру аймағын өзгерте аласыз.



Ыстық аймақтармен абай болыңыз


Қуат дисплейінде қай пісіру аймағы әлі ыстық екендігін көрсетіп тұратын «Н» әрпі жанады. Бұл индикация пісіру аймағы қауіпсіз температураға дейін суығанға дейін жанып тұрады. Сіз қалған жылуды энергосақтағыш функция ретінде, мысалы, пісіру аймағы әлі ыстық болып тұрғанда келесі тағамды даярлау үшін ыдысты жылыту үшін пайдалана аласыз.




3.5. Басқару панелін блоктау

- Рұқсатсыз қолдануды болдырмау үшін басқару панелін блоктауға болады (мысалы, балалар абайсызда пісіру аймағын қоспауы үшін).
- Басқару панелі блокталып тұрғанша, «Қосу/өшіру» батырмаларынан басқалары қосқанға әрекет етпейді.

Басқару панелін блоктау үшін

Басқару панеліндегі  блоктау батырмасын басыңыз. Таймер дисплейінде «Lo» көрсетіледі.

Басқару панелін блоктан шығару үшін

- Индукциялық панельдің қосылып тұрғандығына көз жеткізіңіз.
- Блоктау батырмасын басыңыз  және бірнеше уақыт бойы басып тұрыңыз.
- Енді сіз индукциялық панельді қолдана аласыз.



Құрал блоктау режимінде болғанда, «Қосу/Өшіру» батырмаларынан басқа барлық батырмалар басқанға әрекет етпейді. Қажет болған жағдайда, сіз қалаған уақытыңызда «Қосу/Өшіру» батырмасы арқылы индукциялық панельді өшіре аласыз, бірақ келесі қосу кезінде ең алдымен блоктау тетігін өшіру керек.

3.6. Таймерді пайдалану

Сіз таймерді екі түрлі тәсілмен пайдалана аласыз:

- Тәуелсіз таймер ретінде пайдалану. Бұл кезде ол берілген уақыт аяқталған соң пісіру аймағын өшірмейді.
- Берілген уақыт аяқталғаннан кейін бір немесе бірнеше пісіру аймағын өшіру үшін пайдалану.
- Таймерде 99 минут шегіндегі уақытты орнатуға болады.


Тәуелсіз таймер

Егер де бірде бір пісіру аймағы таңдалмаған болса.

1. Құралдың қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе: Тіпті ешбір пісіру аймағы таңдалмаған болса да, Сіз таймерді пайдалана аласыз,

2. Бақылау панеліндегі таймер таңбасының астындағы «-» немесе «+» батырмасын басыңыз, таймер дисплейінде «--» белгісі шығады.




3. «-» немесе «+» батырмалары арқылы таймер мәнін орнатыңыз. Таймер индикаторы жана бастайды, таймер дисплейінде берілген уақыт көрсетіледі.

Кеңес: 1 минутқа қысқарту немесе ұзарту үшін бір рет «-» немесе «+» батырмасын басыңыз. 10 минутқа қысқарту және ұзарту үшін «-» немесе «+» батырмасын басып тұрыңыз.

99 минуттан көп уақытты орнату талпынысында автоматты түрде 0 минутқа қайтады.


4. Таймерді тоқтату үшін пісіру аймағының кезкелген таңбасының астындағы «-» немесе «+» батырмасын басыңыз, одан кейін таймер таңбасының астындағы «-» немесе «+» батырмасын басыңыз. Таймер дисплейінде «--» белгісі шығады.



5. Берілген уақыт орнатылғаннан кейін кері есеп бірден басталады. Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі, ал таймер индикаторы 5 секунд ішінде жанып-өшіп тұрады.




6. Берілген уақыт аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 30 секунд ішінде жұмыс істеп тұрады, ал таймер дисплейінде «--» көрсетіледі.



Бір пісіру аймағының жұмыс істеу уақытын орнату


1. Осы функцияны орнатқыңыз келген пісіру аймағы белгісінің астындағы «-» немесе «+» батырмасын басыңыз.



2. Таймер таңбасының астындағы «-» немесе «+» батырмасын басыңыз, таймер дисплейінде «30» белгісі шығады.




3. Басқару панеліндегі таймер белгісінің астындағы «-» немесе «+» батырмасы арқылы таймер мәнін орнатыңыз.



Кеңес: 1 минутқа қысқарту немесе ұзарту үшін бір рет «-» немесе «+» батырмасын басыңыз. 10 минутқа қысқарту және ұзарту үшін «-» немесе «+» батырмасын басып тұрыңыз.


99 минуттан көп уақытты орнату талпынысында автоматты түрде 0 минутқа қайтады.

4. Таймерді тоқтату үшін пісіру аймағының кезкелген таңбасының астындағы «-» немесе «+» батырмасын басыңыз, одан кейін таймер таңбасының астындағы «-» немесе «+» батырмасын басыңыз. Таймер дисплейінде «--» белгісі шығады.



5. Берілген уақыт орнатылғаннан кейін кері есеп бірден басталады. Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі, ал таймер индикаторы 5 секунд ішінде жанып-өшіп тұрады.

Ескертпе: Пісіру аймағының қуаты дисплейінің жанындағы қызыл индикатор пісіру аймағының таңдалғаны туралы көрсетіп жанып тұрады.



Қатты қызудан қорғау

Орнатылған температура датчигі пісіру панелінің ішіндегі температураны бақылайды. Артық температура көрсетілгенде, пісіру панелі автоматт түрде өшеді.

Назар аударыңыз: Қалдық жылу

Егер пісіру панелі біршама уақыт бойы жұмыс істеген болса, пісіру аймақтары өшкеннен кейін қалдық жылуды сақтап тұрады. Қуаттылық дисплейіндегі «Н» белгісі соның ескертпесі болып табылады; сақ болыңыз.

Автоөшу

Аталған индукциялық панельдің қауіпсіздік функцияларының бірі, ол- автоматты түрде өшу. Ол сіз пісіру аймағын өшіруді ұмытқан болсаңыз орындалады. Үнсіз келісім бойынша жұмыстың өшуге дейінгі ұзақтығы төменгі кестеде келтірілген:

Қуат деңгейі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Үнсіз келісім бойынша жұмыс істеу уақыты, сағат	8	8	8	4	4	4	2	2	2

4-тарау. Жиынтықтылық

№ р/н	Құрамдас бөліктердің атауы	Саны, дана
1	Индукциялы пісіру тұрмыстық панелі	1
2	Пайдалану бойынша нұсқаулық	1
3	Кепілдік міндеттемелер	1
4	Қаптама	1
5	Нығыздауыш материал	1
6	Қапсырма	4
7	Бұранда	4


5-тарау. Орнату

5.1. Орнату үшін құрылғыны таңдау

Суреттегі өлшемдерге сәйкес үстел астын кесіп алыңыз.


Дұрыс орнату және ыңғайлы пайдалану үшін ойық айнаасында жақын маңдағы қабырға, жиһазға және т.б. дейін 50 мм кем болмайтындай саңылау қалдырыңыз (төмендегі суреттен X өлшемін қараңыз).

Үстел қалыңдығы 30 мм кем емес екендігіне көзіңізді жеткізіңіз. Үстелді пісіру панелінің жылуы әсерінен елеулі деформациялануды болдырмайтындай қызуға төзімді материалдан таңдаңыз. Төменгі суретті қараңыз:



Модель	L, мм	W, мм	H, мм	D, мм	A, мм	B, мм	X, мм
P EI313 B, P8 EI313 B	590	520	62	58	560	490	50 min
P EI305 B, P8 EI305 B							

5.2. Орнату кезінде саңылауларды қамтамасыз ету




A = 760 мм

B = 50 мм min

C = 20 мм min


D – Ауаның кіруіне арналған саңылау

E = 5 мм – Ауаның шығуына арналған саңылау




5.3. Қапсырмаларды орнату

Төменде көрсетілгендей қапсырмаларды бекітіңіз:



- A) Бұранда; B) Қапсырма; C) Бұранда саңылауы; D) Индукциялы панельдің негіздемесі




Құралды орнатар алдында пісіру панелін қажет болған жағдайда оңай демонтаждау үшін бекіткіш бұрандалардың орналасу орындарында үстел шеттерін радиуысы 3 мм немесе жүзі 3x45° қайыруға кеңес беріледі.

5.4. Пісіру панелінің электр желісіне қосылуы

Қаіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында құралды орнату кезінде ажыратылған түйіспелердің барлық полюстерінің арасындағы арақашықтық 3 мм кем емес арнайы ажыратқышты қарастыру керек. Егер орнатқаннан кейін розетка оңай қолжетімді болса, оның қажеттілігі жоқ.

Құрал білікті электрикпен монтаждалуы керек.



6-тарау. Қаіпсіздік бойынша нұсқаулар

- Осы кітапшаны құралды орнату және қосу алдында мұқият оқып шығуыңызды сқраймыз. Дұрыс емес орнату және пайдалану үшін өндіруші жауап бермейді.
- Аталған құралды тек тұрмыстық жағдайда қолданған кезде кепілдік беріледі. Аталған құралды 8 жас және одан жоғары балаларға пайдалануға болады, физикалық, тактильді немесе ақыл-ойы шектеулі немесе білімі және тәжірибесі толық емес адамдарға, егер тек олардың қаіпсіздігі үшін жауапты ересек адамның болуы кезінде, немесе құралды қаіпсіз пайдалану бойынша нұсқаулықтан өткен болса және құралға қатысты қаіпті түсінетін болса ғана пайдалануына рұқсат беріледі. Балалардың құралмен ойнауына жол берілмейді. Балалардың құралды тазалауы және күтім жасауы бақылаусыз орындалмауы керек.
- Бұл құрал тек тағам өнімдерін және сұйықтықтарын даярлауға және жылытуға арналған. Басқа мақсаттар үшін қолданбаңыз.
- Маңызды кез: индукциялы пісіру панелінде пайдалану үшін арнайы жасалған немесе мақұлданған металл ыдысты ғана қолданыңыз. Меламин немесе пластик контейнерлердің пісіру аймағымен арақатынасын болдырмаңыз.
- Егер желілік адаптер қолданылатын болса, ол өндіруші нұсқаулығына сәйкес орындалуы керек. Электр тізбегі шамадан тыс жүктелмегеніне көз жеткізіңіз, себебі ол қатты қызуға әкеліп соқтыруы мүмкін.

- Желілік баусымын айналдырмаңыз және майыстырмаңыз, оның ыстық беттермен қатынасын болдырмаңыз. Орнатқаннан кейін желілік баусым құралмен бастырылмағанына көз жеткізіңіз.
- Құралдың бетін тазалықта ұстаңыз. Кері жағдайда ол құралдың ақаулығына әкеледі.
- Құралдың беті пайдалану кезінде қатты қызады және кейбір уақытта өшірілгеннен кейін де ыстық болып тұрады. Қызу аймағы толықтай суымағанға дейін оған қол тигізбеңіз және тазаламаңыз.
- Егер желілік кабель зақымданған болса, жазатайым оқиғаның алдын алу үшін сервистік қызмет немесе сәйкесінше білікті маман оны ауыстыру керек.

Электрокардиостимуляторлы пациенттерге маңызды ақпарат!



ИНДУКЦИЯЛЫ ПІСІРУ ПАНЕЛІНІҢ ЖАҚЫН МАҢЫНДА МАГНИТ ӨРІСІ ПАЙДА БОЛАДЫ. Электрокардиостимулятор және индуктивтілік катушкаларының арасындағы кедергілерді жою үшін Сіздің электрокардиостимуляторыңыз сәйкес келетін ережелер бойынша әзірленуі ерек. Электростимулятордың қолданыстағы нормаларға сәйкес келуін немесе қандай да болсын үйлесімсіздіктің бар екендігін анықтау үшін электрокардиостимуляторды өндірушіге немесе өз дәрігеріңізге жүгініңіз.

7-тарау. Құралға күтім жасау

Техникалық қызмет көрсету немесе тазалау жұмыстарын жүргізер алдында құралды электр қуаты желісінен ажыратыңыз, және оның толықтай суығанына көз жеткізіңіз.

7.1. Пісіру панелі үстелінің бетін тазарту

Пісіру панелінің бетін төгілген өнімдерден пайдаланып болғаннан кейін бірден тазалауға кеңес беріледі. Тазалар алдында әрқашан панель бетінің суығанына көз жеткізу керек.

Бетін тазарту үшін жұмсақ мата немесе қағаз сулық қолданыңыз. Үстел бетіне төгілген өнімдер кеуіп кеткен жағдайда, магазиндерде сатып алуға болатын арнайы әйнеккермиканы тазалағыш алу қажет болуы мүмкін.

Басқа да абразивті тазалау құралдарын және/немесе сымды тазалағышты және т.б. пайдаланбаңыз, себебі олар пісіру панелінің бетін сыруы мүмкін.

7.2. Ақауларды жою бойынша кеңестер

Құралға электр қуаты берілмейді:

- Желідегі электр қуаты өшірілмегендігін тексеріңіз.
- Электр рэзеткесінің дұрыстығын тексеріңіз.
- Берілген уақыт өтіп кетуі мүмкін.

Даярлау процессі аяқталғаннан кейін дисплейде «Н» шығады. Бұл панель бетінің ыстық екендігін көрсетеді. «Н» индикациясы сәйкес келетін пісіру аймағы толықтай суығанға дейін көрсетіліп тұрады.

7.3. Кейбір ақаулардың сипаттамалары

Пісіру панелі жұмыс істеу кезінде болмашы шу мен дүрілдің естілуі.

- Бұл қалыпты жағдай – дыбысты суыту вентиляторы шығарады.

Өшіргеннен кейін құрал әлі жұмыс істеп тұрғандай дыбыс шығарып тұрады:

- Дыбысты суыту вентиляторы шығарады. Вентилятор құрал толықтай суығанға дейін жұмыс істеп тұрады.
- Бұл жоғарғы температураның белгісі. Пісіру панеліне сууға мүмкіндік беріңіз, содан кейін қайта құралды пайдалана аласыз.

Пісіру панелінен жұмыс барысында әлсін-әлсін шертулер естіледі:

- Бұл қалыпты жағдай- жұмыс кезінде индукциялық катушкалар дыбыс шығарады.

Ақаулар пайда болған кезде индукциялы пісіру панелі автоматты түрде қорғаныш режиміне өтеді, және дисплейде сәйкес келетін қателер коды көрсетіледі (төмендегі кестені қараңыз).

Ақау	Мүмкін болатын себептер	Ұсыныстар
F3/F4	Индукциялық катушканың температура датчигінің істен шығуы	Жеткізушіге хабарласыңыз
F9/FA	Оқшауланған қақпақты биполярлы транзистордың температура датчигінің істен шығуы	Жеткізушіге хабарласыңыз
E1/E2	Қуаттың дұрыс емес кернеулігі	Қуат көзінің дұрыстығын тексеріңіз. Қуат көзінің дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін, қуатты қосыңыз.
E3	Индукциялы катушканың температура датчигінің қатты қызуы	Өтініш, жеткізушіге хабарласыңыз
E5	Оқшауланған қақпақты биполярлы транзистордың температура датчигінің қатты қызуы	Плита суығаннан кейін қайта қосыңыз

Барлық басқа қате кодтар кезінде құралды өшіріңіз және сервистік орталыққа хабарласыңыз.



УТИЛИЗАЦИЯЛАУ: Аталған құралды қоқыспен бірге лақтырмаңыз. Құралды екінші рет қайта өңдеу үшін сұрыптау қажет.

Аталған құрылғы «Электр және электронды бұйымдарды утилизациялау» (WEEE) 2002/96/EC Еуропа Директивасының маркілеуіне ие. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін осы құралдың дұрыс утилизациялануын тексеріңіз. Ол арқылы сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Осындай таңбаның өнім қорабында болуы, аталған өнімнің тұрмыстық қоқыс болып есептеле алмайтындығын және ол сияқты утилизациялана алмайтындығын куәландырады. Оның орнына оны ары қарай өңдеу үшін қайталама шикізат (электр және электр құрылғылары) қабылдау пунктіне тапсыру қажет.

Құрал арнайы утилизациялауды талап етеді. Құралды өңдеу туралы толықтай ақпарат алу үшін жергілікті муниципалитке, жақын жердегі қайталама шикізатты қабылдау пунктіне немесе құралды сатып алған магазинге хабарласыңыз.

Панель стилі:

P – Конфоркалары классикалық түрде орналасқан стиль; сенсорлы басқару панелі алдыңғы жақта орналасқан.

P8 – Конфоркалары классикалық түрде орналасқан «Provence» стилі; сенсорлы басқару панелі алдыңғы жақта орналасқан.

**Сіздің панеліңіздің жасалу нұсқасы кепілдеме міндеттемесіндегі
«Қабылдау куәлігі» тарауында көрсетілген.**

